

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### **«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2007 жылдың тоғыз айындағы операциялық нәтижелерін жариялады**

Астана, 2007 жылдың 17-қазаны, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») үстіміздегі жылдың тоғыз айында мұнай өндіру көлемі 7 763 мың тоннаны құрағанын хабарлады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 640,5 мың тоннаға артық. Мұнай өндірісінің артыуы негізінен, 2007 жылдың 24 сәуірінде «Қазгермұнай» БК ЖШС («Қазгермұнай») қатысу үлесінің 50 пайыздық үлесін алумен байланысты болды. Мәміле жасалған кезден бастап 2007 жылдың қыркүйегінің соңына дейінгі 159 күн ішінде Қазгермұнай компаниясының жалпы өндірісіндегі ҚМГ БӨ үлесі 656 мың тонна мұнайды құрады.

Қазгермұнай компаниясындағы ҚМГ БӨ-нің үлесін есептегенде үстіміздегі жылдың тоғыз айында Компанияның өндіру көлемі 7 108 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі өндіру көлеміне тең.

Алдын-ала мәліметтерге сәйкес, 2007 жылдың тоғыз айында магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша сатып алушыларға 7 190 мың тонна шикі мұнай (Қазгермұнай компаниясының мұнайын қоспағанда), оның ішінде өткен жылдың тоғыз айындағыдан 11,5 % артық 5 572 мың тонна мұнай экспортқа жеткізілді.

2007 жылдың үшінші тоқсанында Қазгермұнай компаниясының сату көлеміндегі ҚМГ БӨ-нің үлесі экспортқа жеткізілген 286 мың тонна мұнайды қоса есептегенде, 331 мың тонна мұнайды құрады.

#### **АНЫҚТАМА:**

ҚМГ БӨ – мұнай және газ өндіру көлемі бойынша Қазақстанда үшінші орындағы компания, 2006 жылдың соңындағы жағдай бойынша дәлелденген және болжамды мұнай қоры 203,2 млн. тоннаны (1,5 млрд. баррель), ал өндіру көлемі 9,5 млн. тонна мұнайды (тәулігіне 192 мың тонна) құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан қор биржасында листингке, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары Лондон Қор Биржасына шығарылды. 2006 жылдың қазан айында IPO кезінде Компания 2 млрд. АҚШ долларына жуық қаражат тапты.

#### **Байланыстық ақпарат:**

##### **«ҚМГ» БӨ», ) Қоғаммен байланыс (+7 3172 977 908, +7 3172 977 924)**

Ләззат Көккөзова  
E-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

##### **«ҚМГ» БӨ», Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет (+7 3172 975433)**

Александр Гладышев  
E-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

##### **WMC Communications Ltd (+44 207 930 9030)**

Elena Dobson  
e-mail: [Elena.dobson@wmccommunications.com](mailto:Elena.dobson@wmccommunications.com)

*Болашаққа қатысты мәлімдеме*

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам*

бойынша», «ұйғарып отыр» , «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.